

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2025 жылғы 24 шілдедегі № 216-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 шілдеде № 36500 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 70-6) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Электрондық және биржалық сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрінің
міндеттін атқарушы

A. Бижанова

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі міндеттін атқарушы
2025 жылғы 24 шілдедегі
№ 216-НҚ Бұйрыққа
қосымша

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындау қағидалары

1-тапау. Жалпы ережелер

1. Осы Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын конкурстық негізде айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 70-6) тармақшасына сәйкес өзірленді және әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларының конкурсын өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) клиринг – биржа мәмілелерін жасасу нәтижесінде, оның ішінде міндеттемелер неттингін жүзеге асыру нәтижесінде тауар биржасы мүшелерінің талаптары мен (немесе) міндеттемелері туралы ақпаратты айқындау, тексеру және беру процесі және осындағы міндеттемелерді тоқтатудың және (немесе) орындаудың негізі болып табылатын құжаттарды (ақпаратты) дайындау;

2) конкурстық комиссия – әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыру бойынша конкурс өткізу және жеңімпазды айқындау мақсатында құрылатын алқалы орган;

3) конкурсқа қатысушы – конкурсқа қатысуға ниет білдірген тауар биржасы;

4) конкурстық өтінім – осы Қағидаларда көзделген шарттар мен талаптарға сәйкес конкурсқа қатысуға конкурсқа қатысушы ұсынатын құжаттардың тізбесі;

5) қосарланған қарсы аукцион режимі – сатушылар мен сатып алушылар бәсекелестігі нәтижесінде биржалық мәмілелер анонимді түрде жасалатын, ал биржалық тауарға баға сұраныс пен ұсыныстың тепе-тендігі деңгейінде белгіленетін сауда режимі;

6) сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – сауда қызметі саласында мемлекеттік реттеуді және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) сауда-саттық сессиясы – биржалық саудаға қатысушылар тауар биржасының сауда жүйесіне биржалық тауарды сатып алуға (сатуға) өтінімдер қоятын және олар бойынша биржалық мәмілелер жасалатын сауда-саттық күнінің уақыт кезеңі;

8) тауар биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, тауар биржасының электрондық сауда жүйесін пайдалана отырып, оларды тікелей өткізу жолымен сауда-саттықты ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын айқындау жөніндегі конкурсты уәкілетті орган өткізеді.

4. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен биржалық сауданы ұйымдастыру үшін 2 (екі) жылға беріледі.

2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларының конкурсын өткізу тәртібі

5. Уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) конкурстың өтінімдерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні мен уақыты;
- 2) уәкілетті органның заңды мекенжайы;
- 3) конкурстың өткізу орны;
- 4) Конкурстың комиссия отырысының күні мен уақыты.

Тауар биржаларының конкурстың өтінімдерді ұсыну мерзімі өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнін құрайды.

6. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен конкурстың өтінімдер қарауға жатпайды.

7. Тауар биржасы конкурсқа қатысу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар биржасының бірінші басшысы қол қойған, "Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларына қойылатын өлшемшарттарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 273 қаулысында көзделген өлшемшарттарға (бұдан әрі – Өлшемшарттар) сәйкестігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, конкурстың өтінімді ұсынады.

Өлшемшарттарға сәйкестікті растау мемлекеттік қызметтерді қорсету немесе цифрлық құжаттар сервисі үшін пайдаланылатын ақпараттың жүйелерден алынған құжаттар мен мәліметтерді қоспағанда, құжаттар мен мәліметтер көшірмелерінің негізінде жүзеге асырылады.

8. Конкурстың өтінім конкурстың өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін уәкілетті органның кеңесі арқылы қолма-қол беріледі.

Конкурстың өтінім келіп түскен күні уәкілетті органның кеңесіндегі қабылданады және тіркеледі және Комиссия хатшысына беріледі.

Әлеуетті тіркеуші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде конкурстың өтінімді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға конкурстың өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурсқа қатысушылар тарапынан сұрау салуды жіберуге жол берілмейді.

10. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын айқындау үшін уәкілетті орган конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

11. Комиссия құрамына:

- 1) уәкілетті органның өкілдері;
- 2) монополияға қарсы органның өкілдері (келісу бойынша);
- 3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілдері (келісу бойынша);
- 4) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның өкілдері (келісу бойынша);
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері (келісу бойынша);
- 6) мұнай өнімдерін өндіру саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілдері;
- 7) өнеркәсіп және құрылыш саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілдері;
- 8) агроөнеркәсіптік кешен саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілдері;
- 9) цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның өкілдері қосылады.

12. Комиссия тәрағадан, Комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады.

Комиссияның тәрағасы уәкілетті органның бірінші басшысы болып табылады.

Комиссия мүшелері отырыстарға қатысу жөніндегі өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға тапсырмайды.

Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды.

Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

13. Комиссия тәрағасы отырыстарда тәрағалық етеді және Комиссия қызметіне басшылық жасайды.

14. Комиссия хатшысы:

- 1) Комиссия отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- 2) Комиссия мүшелерінің дауыстарын санауды жүзеге асырады және конкурстық етінім берген әрбір тауар биржасы бойынша дауыс беру нәтижелерін жария етеді;
- 3) Комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді және Комиссия мүшелерінің санына сәйкес конкурстық етінімдердің көшірмелерін қалыптастырады;
- 4) әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар саудасын жүзеге асыратын тауар биржаларын айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді;

- 5) конкурс құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- 6) Комиссия мүшелерін және тауар биржаларын Комиссия отырысының өткізілетін күні мен орны туралы хабардар етеді.

15. Комиссия отырыстарына "Астана" халықаралық қаржы орталығының юрисдикциясында жұмыс істейтін қор биржасын және оның клирингтік үйімін, дауыс беру құқығынсыз Комиссия мүшелері болып табылмайтын ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы үйімды шақыруға жол беріледі.

Үйімдар демонстрациялық сауда сессиясы процесінде өз құзыреті шегінде еркін нысанда тауар биржасы функционалының әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлармен биржалық сауданы үйімдастыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалайды.

Бағалау ұсынымдық сипатта болады.

16. Комиссия отырысы, егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысса, занды болып табылады.

17. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған конкурстық Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Комиссия мүшелері ерекше пікірін еркін нысанда жазбаша баяндайды, ол конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

18. Хатшы комиссияның отырыстарын аудио және бейнежазба құралдарының көмегімен (бар болса) тіркейді. Комиссия отырысының аудио-, бейнежазбасын (бар болса) рұқсатсыз тоқтата тұруға немесе түзетуге жол берілмейді.

19. Комиссия ұсынылған құжаттар мен конкурсқа қатысуышылардың осы Қағидалардың 7-тармағының талаптарына сәйкестігін айқындайды.

Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесінде әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар бойынша биржалық сауда-саттықты растау үшін конкурсқа қатысуышы Комиссия үшін клиринг тетігін қолдана отырып, сауда-саттықты демонстрация жүргізеді.

20. Сауда-саттықты демонстрация шартты сауда құралдары бойынша кемінде 10 (он) шартты сатушы мен 20 (жиырма) сатып алушының қатысуымен нақты уақыт режимінде Қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізіледі.

21. Комиссия мүшелері орташа мәндерді қолданбай жүргізетін барлық балдарды қорытындылау қорытындысы бойынша ең көп балл жинаған ең көбі екі тауар биржасы конкурс жеңімпазы болып танылады.

Бағалау нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бағалау параптерымен ресімделеді.

Конкурс балдарын беру жөніндегі шешімді Комиссияның әрбір мүшесі жеке шығарады.

22. Егер конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі ішінде осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін бір ғана конкурстық өтінім ұсынылса, Комиссия осы тауар биржасын женімпаз деп айқындау туралы шешім қабылдайды.

23. Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлардың тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын айқындау жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

24. Конкурс өтпеді деп танылады:

- 1) Егер белгіленген мерзімде конкурстық өтінімдер түспеген жағдайда;
- 2) Егер барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер не жалғыз конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда.

25. Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда уәкілетті орган конкурсты қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

26. Конкурс қорытындылары Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысқан тауар биржаларына жазбаша түрде жеткізіледі.

27. Уәкілетті орган конкурс қорытындылары туралы хаттаманың негізінде заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізеді.

28. Өткізілген конкурс нәтижелері бойынша туындаған барлық дауларды уәкілетті орган қарайды.

Дауды қарау нәтижелері бойынша қабылданған уәкілетті органның шешіміне Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Әлеуметтік маңызы бар
биржалық тауарлар тізбесіне
енгізілген биржалық
тауарлармен сауданы жүзеге
асыратын тауар биржаларын
конкурстық негізде айқындау
қағидаларына
1-қосымша

Нысан

(мемлекеттік орган)

Конкурстық өтінім

Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен сауданы жүзеге асыратын тауар биржаларын айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға

(тауар биржасының атауы көрсетіледі)

рұқсат беруінде сұраймын.

Осымен тауар биржасы:

1) бірінші басшының және басшы лауазымдарды атқаратын адамдардың алынбаған немесе өтелмеген соттылығының, оның ішінде қаржы үйимының, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және өмір бойы қаржы үйимының ірі қатысушысы (ірі акционері) болып табылу құқығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны қолдану туралы заңды қүшіне енген сот шешімінің жоқтығын растайды.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

2) тауар биржалары қызметімен айналысу құқығына қолданыстағы лицензиясы бар.

3) есепке алу мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешегі жоқ.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

4) "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-1-бабында белгіленген мөлшерде тауар биржасының тұрақты резервтік қоры бар.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

5) "Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндettі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 141 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген) бекітілген талаптарға сәйкес келетін тауар биржасының электрондық сауда жүйесі бар.

Мыналармен:

қабылдау-беру туралы актімен (қабылдау-беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

пайдалануға беру туралы актімен (пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

негізгі құралдардан үзінді көшірменемен (үзінді көшірмені қоса бере отырып);

техникалық тапсырмамен (техникалық тапсырманы қоса бере отырып);

секундына транзакциялар санын көрсете отырып, тауар биржасының электрондық сауда жүйесін жүктемелі сынау хаттамасымен;

ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартпен;

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес тауар биржасының сауда жүйесін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың он актісімен расталады.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

6) тауар биржасы, тауар биржасының аккредиттелген мүшелері, биржалық сауда-саттықтың күн сайынғы нәтижелері және биржалық белгіленімдер (мәтіндік, графикалық, дыбыс-бейне түрінде), тауар биржасының ішкі құжаттары туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ететін, сондай-ақ ақпаратты мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруды көздейтін тауар биржасының тұрақты жұмыс істейтін интернет-ресурсы бар.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

7) оң қаржылық нәтижемен (тұрақты кредиттік қабілеттілік және қызметті жүргізу үшін жеткілікті капиталдың қалыпты деңгейі) аудиторлық компания жүргізген өзекті қаржылық есептілігі (шоғырландырылған) бар;

Қоса беріліп отырған құжаттар:

8) "Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Занының 6-бабына сәйкес қалыптастырылған жарғылық капиталы бар.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

9) клирингтік ұйыммен клирингтік қызмет көрсету туралы жасалған шарты бар.

Мыналармен:

клирингтік қызмет көрсету туралы шартпен;

клиринг ұйымының тіркелген күнімен;

қабылдау-беру туралы актімен (қабылдау-беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

пайдалануға беру туралы актімен (пайдалануға беру туралы актінің көшірмесін қоса бере отырып);

негізгі құралдардан үзінді көшірмемен (болған жағдайда);

техникалық тапсырмамен (болған жағдайда);

кеңілдік беру қорының болуымен;

қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілдегі органның лицензиясы бар клиринг ұйымымен өзара іс-қимылмен расталады.

Қоса беріліп отырған құжаттар:

Мекенжайы және байланыс телефоны _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

20 __ жылғы " __ "

Әлеуметтік маңызы бар
биржалық тауарлар тізбесіне
енгізілген биржалық
тауарлармен сауданы жүзеге
асыратын тауар биржаларын
конкурстық негізде айқындау
қағидаларына
2-қосымша

Бағалау парагы

Комиссия (Сауда және интеграция министрінің __ жылғы 20 __ жылғы
" __ " № __ бұйрығымен бекітілген)

Отырыс 20 __ жылғы " __ " ___.

Тауар биржасының атауы _____

№	Бағалаудың атауы	Комиссия мүшесінің бағалауы (баллмен)	Ерекше пікірдің болуы (иә/жок)
1	2	4	5

Ең көбі 36 үпай.

0 балл – электрондық сауда жүйесінің функционалы жоқ немесе жұмыс істемейді;

1 балл – электрондық сауда жүйесінің функционалы ұсынылған, бірақ толық іске асырылмаған;

2 балл – электрондық сауда жүйесінің функционалы ұсынылған және іске асырылған

I. Клирингтік функционалдылықты бағалау

1	Брокердің өтінімдерді клиенттің атынан электрондық сауда жүйесіне өтінімді тиісті клиенттің клирингтік шотына байланыстыру арқылы ғана беруінің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету		
2	Дилердің өтінімдерді электрондық сауда жүйесіне өтінімді дилердің клирингтік шотына байланыстыру арқылы ғана беруінің техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету		
	Биржалық сауда саттыққа қатысушылардың түрлі сауда әрекеттерін жасау кезінде бұғатталған немесе босатылатын		

3	<p>биржалық қамтамасыз ету мөлшерін автоматты түрде есептеу үшін электрондық сауда жүйесінде биржалық қамтамасыз ету мөлшерін пайызben және сауда құралы бойынша сауда күнінің бастапқы бағасын баптауды қамтамасыз ету</p>		
4	<p>Биржалық сауда саттыққа қатысушының клирингтік ұйымда ашылған биржалық сауда саттыққа қатысушылардың дербес жеке шоттарына биржалық сауда саттыққа қатысу үшін биржалық қамтамасыз етуді енгізуі жөніндегі техникалық функцияны қамтамасыз ету</p>		
5	<p>Биржалық сауда-саттыққа қатысушының өз клирингтік дербес шоттарындағы ақшалай қаражатының жай-күйін нақты уақыт режимінде қашықтықтан қарау бойынша техникалық функцияны қамтамасыз ету</p>		
6	<p>Накты уақыт режимінде биржалық қамтамасыз етуді автоматты түрде бұғаттаумен сұйемелденетін, қатысушының клирингтік шотындағы бос ақша қаражатының жай-күйінің өзгеруімен және тиісінше тауарды сатып алуға және (немесе) сатуга арналған етінімді кері қайтарып алған жағдайда биржалық қамтамасыз етуді бұғаттан шығару кезінде бос ақша қаражатының өзгеруімен көзбен байқалатын сауда құралы бойынша тауарды сатып</p>		

	алуға және (немесе) сатуға арналған өтінімді беру		
7	Клирингтік шоттағы бос ақшалай қаражаттың жай-күйін автоматты түрде өзгерту жөніндегі техникалық функцияны ұлғаю жағына қарай өзгерістер енгізу кезінде, тауарды сатып алуға немесе сатуға бұрын қойылған өтінімге өзгерістер енгізу және оның мөлшерін азайтуға колданыстағы өтінімге өзгерістер енгізілген жағдайда бос қаражатты ұлғайту жолымен қамтамасыз ету		

II. Электрондық сауда жүйесін және сауда әрекеттерінің барысын бағалау

1	Базалық бағаларды және биржалық тауарларға баға дәлізін белгілеу бойынша электрондық сауда жүйесінде техникалық шарттарды іске асру		
2	Дербестендірілген пайдалануши есепке алу жазбаларын пайдалана отырып, биржалық сауда-саттыққа қатысуышыны сәйкестендіруді қамтамасыз ету		
3	Жалпы қолжетімділікте биржалық тауарды өткізу жүзеге асрылатын сауда құралы туралы акпараттың көрсетілуін қамтамасыз ету, оның ерекшелігі мыналарды қамтиды: биржалық тауардың түрі және оның сапалық сипаттамалары; биржалық тауарды жеткізудің орны, мерзімі, тәсілі және өзге де шарттары;		

	төлем шарттары; лот мөлшері		
4	Ақпараттың есебін жүргізу үшін әрбір өтінім мен мәмілелеге бірегей код беруді қамтамасыз ету		
5	Нақты уақыт режимінде мәміле бөлімінде электрондық сауда жүйесінде тиісті мәміле жасасу туралы жазбаны енгізу жолымен, тауар биржасының көп бағытты өтінімдердің бір – біріне сәйкестігін тіркеуі кезінде, жыл, ай, күн, сағат, минут, секунд (дәлдігі кемінде 0,001 секундқа дейін) – тіркеу уақыты фооматында биржалық мәміле жасасу		
6	Сұзгілерді пайдалана отырып, өткен сауда сессиясы бойынша ақпаратты одан әрі оңайлатылған түрде өндеу үшін биржалық сауда-саттыққа қатысушылардың сауда-саттық әрекеттерін және сауда-саттық нәтижелерін тауар биржасының интернет-ресурсына немесе тауар биржасының интернет-ресурсынан жүктеудің техникалық мүмкіндігі		
7	Электрондық сауда жүйесінің интерфейсі сауда-саттыққа қатысушы операторларға бірнеше құралдармен сауда жасау қажет болған кезде де, басқа сауда құралдары бойынша нәтижелерді көру мүмкіндігі үшін де бірнеше сауда құралына жедел қол жеткізе отырып, ынғайлылықты қамтамасыз етеді		

8	Электрондық сауда жүйесінің интерфейсі ағымдағы сауда сессиясының сауда-саттық нәтижелері қойындысын қарастырып, ынғайлар жедел көшуді, сондай-ақ сауда шешімдерін жедел қабылдау үшін биржалық камтамасыз етудің жай-күйін қарастырып, ынғайлалықты камтамасыз етеді		
9	Электрондық сауда жүйесінің интерфейсі бірнеше тілді қолдануға мүмкіндік береді		
10	Электрондық сауда жүйесінде биржадан тыс мәмілелерді, тиісті сауда құралын тіркеуді және есепке алушының жүргізуін камтамасыз ету		
11	Электрондық сауда жүйесінде сауда әрекеттерін жасаудың құқығының сауда режиміне қатысудың техникалық мүмкіндігін камтамасыз ету		

Ерекше пікірдің болуы _____

Комиссия мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

комиссия мүшесінің қолы _____

Әлеуметтік маңызы бар
биржалық тауарлар тізбесіне
енгізілген биржалық
тауарлармен сауданы жүзеге
асыратын тауар биржаларын
конкурстық негізде айқындау
қағидаларына
3-қосымша

**Әлеуметтік маңызы бар биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген биржалық тауарлармен
сауданы жүзеге асуыратын тауар биржаларын айқындау жөніндегі конкурстың
қорытындылары туралы хаттама**

_____ (отырысты өткізу орны) (уақыты мен күні)

1. Комиссия құрамында:

(комиссия тәрағасының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы көрсетіледі)

2. Конкурсқа қатысатын келесі тауар биржаларының өтінімдері:

№	Тауар биржасының атауы	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	Өтінімді беру күні мен уақыты
---	------------------------	-----------------------------	-------------------------------

3. Себептерін көрсете отырып, конкурстан өтпеген тауар биржалары туралы мәліметтер:

4. Конкурс жеңімпазын көрсете отырып, конкурс қорытындылары туралы мәліметтер және жинаған балы:

(тауар биржасының атауы және тіркелген күні көрсетіледі; сәйкестендіру нөмірі және лицензияның нөмірі; заңды мекенжайы (орналасқан жері; тауар биржасы интернет сайтының атауы; байланыс ақпараты)

5. Комиссия тәрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
Қолдары

6. Ерекше пікір _____ парақта.

Тәраға _____ (қолы)

Хатшы _____ (қолы)